



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Президент



Су үнемдеу – маңызды стратегиялық міндет

Президент су шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты.

– Біздің кең байтақ жеріміз бар. Алайда ел аумағының жартысынан көбі шөл және шөлейт жерлер. Сондықтан Қазақстан үшін су мәселесі ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек, артық болмайды. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында. 2023 жылы халыққа Жолдауымда мен суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталдым. Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды. Ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Су нысандарын салуға және қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлінді. Шетелден инвестиция тартылуда. Қазір салада 30 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Олар қала мен ауылды, өндірістер мен егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуде, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су саласында мықты мамандар елі де жетіспейтінін атап өтті. Осы мәселенің алдын алу мақсатында былтыр Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылған. Бұл мамандыққа бөлінетін грант саны да екі есе артты. Қазіргі таңда 500-ден астам студент бюджет қаржысына білім алуда. Президент олар оқуын аяқтаған соң «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында жұмыс істей алатынын жеткізді. Сондай-ақ 120 қызметкер Қытайда тәжірибе алмасып, қосымша білім алуда. Бір сөзбен айтқанда, соңғы жылдары су шаруашылығы мамандарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілуде. Былтыр олардың жалақысы 25 пайызға өссе, биыл да көбейеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықты таза ауызумен қамтамасыз ету

айрықша маңызды міндет екеніне тоқталып, соңғы жылдары осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын жеткізді. Бүгінде қала халқының және ауыл тұрғындары таза ауызумен қамтылған. Ендігі меже – 500-ге жуық ауылға су жеткізу. Осы ретте Президент ауысуды тазалау мәселесін шешу қажеттігін қаперге салды.

– Халқымыз «Судың да сурауы бар» деп тегін айтпаған, әр тамшы судың қадірін білген. Суды тиімді пайдалану – өте өзекті мәселе. Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде судың қасиеті, құдықшының еңбегі туралы терең ойлар айтылады. Қазір елімізде суды үнемдеу тарифі іске қосылды, яғни «аз пайдалансаң, аз төлейсің» деген қағида енгізілді. Сонымен қатар мемлекет су үнемдеу технологиясын қолданатын шаруаларға бөлсеңді қолдау көрсетуде, атап айтқанда, жұмсаған қаржысының 80 пайызына дейін өтейтін болды. Бүгінде 470 мың гектар жерде осындай озық технология іске қосылды. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Себебі су үнемдеу – алдымызда тұрған аса маңызды стратегиялық міндет. Бұл мәселеге қатысты цифрландыру жұмысын жүргізу өте өзекті. Оны қарқынды түрде жүзеге асыру керек. Шындығын айтсақ, қазіргі жағдай жалпы мез емес. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында суды үнемдеу мәдениеті жан-жақты дәріптеліп жатыр. Еліміздегі 2 миллионнан астам оқушы «Суды үнемде – болашақты сақта!» атты ауқымды жобаға қатысты. Өскелең ұрпақ судың құндылығын білуі керек, оны ысырап етпеу туралы жастайынан түсініп өсуі қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, су қауіпсіздігі Қазақстанның

орнықты дамуына әсер ететін негізгі мәселеге айналды. Осы ретте ол су дипломатиясын күшейтуді қолға алу қажет деп есептейді. Оған кадрларды даярлап, іріктеу қажет. Бірінші кезекте трансшекаралық өзендер бассейніндегі суды тиімді пайдалану жүйесін жолға қою үшін көршілес мемлекеттермен ықпалдастыққа мән берген дұрыс.

Президент су ресурстарын дамытуға үлес қосып келе жатқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

– Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізі, Балқаш көлі, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Су, дұрыс пайдалана білсең – құт, ысырап етсең – жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған. Күрделі кезеңде сіздер қайсарлық пен кәсібиліктің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Әр қызметкер күні-түні еңбек етіп, апат салдарын жоюға белсене атсалысты. Мен баршаныңа шын-айы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамимен марапаттады. Былтыр «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілген. Осы атақ іс-шарада бір-қатар ардагерге берілді. Сондай-ақ жерлесіміз, аймақтың дамуында өзіндік қолтаңбасы бар Сұлтанбек Тәуіпбаев «Парасат» орденімен марапатталды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Салтанатты шара

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен су, балық шаруашылығы, ветеринария қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ергешбаев, Мұрат Әбенев, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен сала қызметкерлері қатысты.

Сала мамандары құрмет төрінде



Аймақ басшысы су, балық, мал шаруашылығы және ветеринария салаларында атқарылған жұмыстарды саралап, жиналған жұртты кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деді. Бұл – экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудің стратегиялық қадам. Күні кеше Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы су шаруашылығы қызметкерлерін Ақордада қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты қабылдауда жерлестеріміз, сала ардагері Сұлтанбек

Тәуіпбаев «Парасат» орденімен, «Шиелісуар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров, «Қызылорда су торабы» өндірістік учаскесінің аға инженер-гидротехнигі Мақсұт Өтеулиев «Құрмет» орденімен наградталды. Бұл – аймағымыздағы су шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстарға берілген жоғары баға. Алаштың анасы атанған Сыр елі еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған абзал да адал жандарға, еңбек адамдарына кенде емес. Біз еңбеккерлерге лайықты құрмет көрсетіп, ғибратты ғұмырын жастарға үлгі-өнеге етуді дәстүрге айналдырып келеміз. Бұл – біздің басты парызымыз, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Салтанатты шарада «Құрмет» орденімен су шаруашылығы саласының ардагері Бегеш Жақып, «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Қазалы су торабы» өндірістік учаскесінің басшысы Болат Асербаев, «Су

шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен ардагер Әділхан Қарлыханов марапатталды.

Саланың дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар қызметкерге ҚР Премьер-министрінің Алғыс хаты, «Балық шаруашылығы саласына еңбек сіңірген қызметкер» құрметті атағы, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, «Еңбек ардагері» медалі, «Су шаруашылығының ардагері» және «Қазақстан Республикасы су шаруашылығының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация министрлерінің «Құрмет» грамотасы, облыс әкімінің алғыс хаты табыс етілді. Ерекше айта кететін жайт, іс-шарада сала қызметкерлеріне 42 қызметтік автокөлік пен 65 арнайы техниканың кілті берілді.

Е.ӘНУАРҰЛЫ

Еңбек адамы



Ақсудағы алғашқы орақ

Ақсудағы «Сәрке батыр» шаруа қожалығына жолымыз түсті. Еңбек адамдары егістік басында. Механизаторлардың жұмысы қызу, бидайға орақ түскен. Бұл өнімнің биыл да шығымы бітік.

«Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» демекші, дәнді дақылдарды өгуді ата-кәсіп еткен жалағаштық диқандар бүгінде әрбір өнімнің бабын менгеріп, қыр-сырына жетік болған. 33 жылдық тәжірибесі бар комбайншы Фархад Болатбек күніне 5-6 атызды игереді, орақты 2-3 күнде толықтай аяқтайды екен. Былтыр гектарынан 10 центнерден өнім алған. Биыл да межеден жоғары өнім алудан ниетті.

– Жаңа техникалардың артықшылығы бидайды ешбір ысыралсыз, масақ қалдырмай жинап алады. Сондай-ақ шанаққа түскен дөңнің тазартылуы да өнімді. Мен тізгіндеген комбайнның іші де жайлы, барлық жұмыс компьютер арқылы атқарылады. Көлік ішінде кондиционер бар, барлық жұмыс автоматты түрде жасайды. Жұмысым өзіме ұнайды. Көктемде топыраққа түскен тұқым көгеріп, көктеп шыққан кезде бойынды қуаныш сезімі

билейді. Алқапқа қарап тұрып сүйсінесің. «Еңбек түбі – береке» демекші, осы жұмысым арқылы отбасымды асырап отырмын, – дейді еңбек адамы.

Иә, бұл мамандық иесі ешқашан жұмысыз қалмайды. Жұмыс жыл он екі айда табылады. Мысалы, ерте көктемнен басталатын дала жұмыстары бар, қыста техникаларды жарақтандырады. Күзде оруды басталады. Жерді өңдеу, егу, күтімге алу, өнім жинау секілді жұмыстардың барлығына техника қажет.

Еңбек адамы өнімді жұмысының нәтижесінде талай мәрте шаруашылық тарапынан қаржылай сыйақыға ие болған. Сондай-ақ облыс, аудан әкімдерінің алғыс хатымен де марапатталған. Шаруа адамының өнегелі өмірі, жұмыстағы тірлігі – бүгінгі жас ұрпаққа үлгі. Тіпті үлкен ұлы өкесінің жолын қуып, бүгінде осы салада еңбек етуде.

Айта кетейік, «Сәрке батыр» ЖШС – ауданда егінді өртарпаптандыруға ерекше мән берген шаруашылық құрылымдарының бірі. Былтыр да ротация тәртібін сақтаған серіктестік күріштен бөлек 440 гектар жоңышқа, 70 гектар бидай және 50 гектар мақсары өккен. Жоңышқаны үш орып, бидай мен мақсарыдан да мол өнім алды. Мәселен, бидайдың әр гектарынан 9 центнерден өнім жиды.

Жыл сайын шаруашылық бақша салуға ниетті ауылдағы ағайынға жер ашып береді. Мәселен, 2023 жылы 8 гектар бақшалық жер дайындаған. Оған Ақсудағы және Жалағаш кентіндегі бірнеше отбасы бақша салып, қыстық азығын қамдап алды.

Былтыр да жергілікті халықтан сұраныс болған. Серіктестік елдің талап-тілегін ескеріп, 7 гектар жер дайындаған. Нәтижесінде биыл да ауылдағы бірнеше отбасы бақша салып, қауын-қарбыз, асқабақ, картоп, сәбіз, қызылша секілді бақша дақылдарын баптап, мол өнім жиды. Мәселен, биыл комбайншы Фархад Болатбек отбасымен сол жерден үлес алып, бақша дақылдарын өккен.

Жандос ЖАЗКЕН

Бірлікке үндеген бірегей жиын

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» тақырыбындағы XXVII сессиясы өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қарақат Абдең Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат депутаттары, қала және аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары, саяси партия филиалдарының жетекшілері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, үкіметтік емес ұйымдар мен облыстық Ассамблея құрылымдарының жетекшілері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, жастар қатысты.



Аймақ басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өңірде қолға алынған жұмыстарға тоқталды.

— Ассамблеяның 30 жылдығына «Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен 3 млрд 800 млн теңгеге «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынуда. Сәулетті ғимараттың іргетасын өзде-ріңізбен бірге 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні қалаған бола-тынбыз. Нысан қараша айында ел игілігіне беріледі. Өздеріңізге белгілі, өткен 2024 жылды өңірімізде «Руха-ният жылы» деп жариялап, мәдени-

көпшілік шаралармен бірге көптеген ауқымды жобаны жүзеге асырдық. Барлық 7 ауданда ішінде қоғамдық келісім кабинеттері, неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар са-райы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталығы» салынды. Бір мұрат, бір мүдде жолында тынымсыз еңбек ету — баршамыздың азаматтық міндетіміз. Достықты ту еткен жаса-мпаздық пен өрлеу жолындағы айшықты істеріміз көпке үлгі бола бергей! Бір-лігіміз бекем, тірлігіміз толымды болсын, — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сессияда этносаралық келісімді одан әрі нығайтудағы жұмыс бағыты

айқындалды. Аймақ басшысы өңірдегі этносаралық жұмыс жоспарын жан-жақты талдап, оның тиімділігін артты-ру мақсатында нақты ұсыныстар әзір-леуді және кеңес отырыстарын жүйелі түрде өткізуді тапсырды. Сонымен бірге жаңадан бой көтеретін «Достық үйін» туристік бағыттарға қосып, оны бірлік пен ынтымақты насихаттайтын заманауи мәдени-идеологиялық орта-лыққа айналдыру міндеті қойылды.

Жыында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төраға-сының қоғамдық негіздегі орынбасары Дильфура Байрақтарова, «DaRALAcе»

шығармашылық үйінің негізін қалаушы, «Шапағат» медалінің иегері Светлана Цой, облыстық Қазақстан халқы Ассам-блеясы жанындағы Журналистер мен сарапшылар клубының мүшесі Айнұр Тұңғышбаева пікір білдірді.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясын-да бірқатар азамат Қазақстан халқы Ассамблеясының мерекелік медалімен, ҚР Президенті Әкімшілігі Ассамблея хатшылығының Алғыс хатымен, сон-дай-ақ облыс әкімінің Құрмет грамо-тасы және Алғыс хатымен марапат-талды.

Е.ӘНУАРҰЛЫ

Мерей

Асыл аналар құрмет төрінде



Ақтау қаласында өткен «ZHANA ESIM» халықаралық шығармашылық фестивалінде ауданымыздың абыройын асқақтатқан Жаңаталап ауылдық клубының жанынан құрылған «Асыл аналар» ансамблін аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов салтанатты түрде қабылдады. Қатылдау барысында аудан әкімінің орынбасары ансамбль мүшелеріне аудан жұрты атынан шынайы алғысын білдіріп, халықаралық деңгейде ұлттық өнерімізді насихаттап, ел рухын көтергені үшін ризашылығын жеткізді.

— Сіздердің бұл жетістіктеріңіз — ау-дананымыздың мәдени өміріндегі үлкен мақтаныш. Өнерге деген адалдық-тарыңыз, дәстүрді дәріптеп, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту жолындағы еңбектеріңіз — жастарға үлгі. Алдағы уақытта да аудан намысын абыроймен қорғап, ел алдында өнер-леріңіз өрлей берсін, — деді аудан әкімінің орынбасары.

Шара барысында ансамбль мүше-леріне алғыс хаттар мен қаржылай сый-лықтар табысталды. Құрылғанына 14 жыл толған «Асыл аналар» ансамблі халық өндері мен дәстүрлі өнерімізді дәріптеп, ауыл мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосып жүр.

Ансамбль мүшелері ауылдың мә-дени өміріне белсене араласып, түрлі мерекелік көштер мен рухани іс-шара-лардың сәнін келтіруде. Құрамында өмірлік тәжірибесі мол ардақты ана-лармен қатар ел болашағы үшін ұрпақ тәрбиелеп отырған орта буын аналар да бар. Өнердің берекесін арттырып жүрген батыр аналардан құралған «Асыл аналар» ансамблінің құра-мында 12 ана бар. Оның 2-еуі «Алтын алқа» иегері болса, 5-еуі — «Күміс алқа» иегері. Олардың ең жасы — 37 жастағы «Күміс алқа» иегері Дана Алдана-зарқызы, ал ең үлкені — 76 жастағы Гүлсәйя Нәйзагерова.

Олардың әрқайсысы — ауылдың дамуына өз үлесін қосқан әр саланың үздігі. Өнер ұжымында әжелер тек ән айтып қоймай, ұлттық салт-дес-түріміздің жандануына өз үлесін қосуда. Олар салт-дәстүрімізді, мәде-ниетімізді кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталған шараларда білген-түйген-

дерін үйретіп, қоғамдық шараларда да белсенділік танытады.

Айта кетейік, ансамбльдің бел-сенді мүшесі — Несібелі Берімова, об-лыстық «Бибі-Ана» атты ел аналары арасында өтетін байқаудан ІІІ орын алған. Сондай-ақ былтыр «Парасатты отбасы — 2024» ұлттық байқауының аудандық кезеңінде «Өнерлі от-басы» номинациясын иеленіп, «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруы-мен өткен «Өнегелі отбасы» атты па-триоттық байқауында жеңімпаз атанған. 49 жасынан бері ансамбльде өнер көрсетіп жүрген анамыз тағылымы мол шараларда жастармен кездесіп, қолы қалт етсе қолөнермен айналысады. Ол бөлме қабырғасын сәндеуге арналған қазақтың ұлттық қолөнері, төсектің тұсына ұсталатын «түскізізді» енесінен үйреніп, әлі күнге дейін үйіне тұтып, жас буынға жасалу жолын үйретіп ке-леді. Тарихы терең түскізізді тігу сиреп бара жатқандықтан оны көбіне тек музейлерден ғана кездестіруге болады.

Аналар сахнада шырқалған әр әні арқылы кейінгі буынға рухани тәрбие беріп келеді. Олардың орындауындағы халық өндері мен заманауи туындылар көрерменнің көңілінен шығып, үлкен алғысқа ие болуда. Әсіресе «Ана ту-ралы жыр», «Әдемі-ау», «Сәулем-ай» секілді өндер ансамбльдің шығарма-шылық қоржынын байыта түсуде.

Сондай-ақ олар облыстық, аудан-дық байқауларда топ жарып, ауыл абыройын асқақтатуда. Мәселен, «Ұлт-тық мереке — ұрпаққа өнеге» атты аудандық фестивальге қатысып, жүл-делі ІІІ орын, «Мен өнемің, келінді тәр-



биелеген» атты жұптық өнелер мен келіндер байқауына қатысып, І орын иеленген. Мұнан бөлек «Ардагерлер әуені» атты ардагерлер арасында өткен аудандық байқаудан ІІ орын алған. Шиелі ауданында өткен облыстық Қ.Бұдабаев атындағы аудандық мә-дениет үйі ұйымдастырған «Жеңіске жетелеген өндер мен жылдар» атты ардагерлер арасында байқауда үздік үштіктен көрінген. Сонымен қатар «Ер-ліктері ешқашан өшпейді» атты пролог қоюшылар байқауынан І орынмен, «Әжелер ән салғанда» атты облыстық Әжелер ансамбльдері байқауында ІІ орынмен марапатталған.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Тағылым



Халық қалаулылары балалармен бірге

«Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалына қарасты «Дарын» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында «Халық қалаулылары балалармен бірге» тақырыбында тағылымды шара өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты — өскелең ұрпаққа елге қызмет етудің маңыздылығын түсіндіру, оларды отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне қолдау білдіру, салт-дәстүрді насихаттау.

Шарада аудандық мәслихат депутаттары балаларға өздерінің депутаттық қызметі, атқарып жатқан жұмыстар, ел дамуындағы жастардың рөлі туралы сөз қозғады. Балалар өз кезегінде қонақтарға сұрақ қойып, арман-мақсаттарымен бөлісті. Ашық форматта өткен басқосуда халық қалаулылары балаларды алдағы оқу жылында тың серпінмен оқуға, білім алуға, сол арқылы ел болашағына үлес қосуға шақырды.

Кездесудің келесі бөлімінде Жалағаш аудандық мәсли-хатындағы «Amanat» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері «Ақтерек» тынығу лагерінде демалып жатқан балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы арқылы өнеге көрсетті. Мәселен, қыз балаларға күбі пісу, құрт әзірлеу, таба нан жабу, салма нан әзірлеу, қамыр жаю, көрпеше көктеуді үйретсе, ер балаларға ер-тұрманды қолдану және ат ерттеуді, атқа міну тәсілдерін, сурет салу, қамшы өруді, лаңгі жасауды түсіндірді. Ұлттық өнермен танысу оқушылар үшін өте қызықты болды.

— Бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты — халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын бала бойына сіңіру. Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі, яғни қазақ халқының тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте ауқымды. Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын білу, оны қастерлеу — әрқайсымыздың борышымыз. Бүгінгі басқосуымыздың тақырыбын «Халық қалаулылары балалармен бірге» деп атау себебіміз өз халқымыздың салт-дәстүрін, тілін, мәртебесін бала бойына сіңіру болып табылады. Бала тәрбиесіне терең мән беріп, оның қағидалары мен ережелерін ұстанғандардың бірі — қазақ ұлты. Халқымыздың ғасырлар бойы жазған зор еңбектері, салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері — соның айғағы. Осы шараның басы-қасында жүрген әріптестеріме, демеушілерге алғыс айтамын. Иә, салт-сана мен дәстүр — біздің басқа халықтардан ажырататын бірінші белгі. Дәстүр ата-бабаларымыздың дүние танымымен астарлас. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті қазынамыз. Басқа халықтардан ерекшелеп тұратын ұлттық құжаттарымыз. Оны сыйлау, болашақ ұрпаққа аман-есен жеткізу — біздің міндетіміз, — деді «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атқаруы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева.

Мұнан соң депутаттар демалушылармен бірігіп, спорт-тық-эстафеталық жарыстарға қатысты. Шара соңында белсенділік танытқан балаларға «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атынан алғыс хат та-бысталып, жарыстың нәтижесі бойынша орын алған топтар дипломмен марапатталды. Сонымен қатар партия бел-сендісі, «МИРАЖ» шаруа қожалығының төрағасы Төрехан Бақтыбаевтың демеушілігімен тынығу лагеріндегі барлық балаларға түрлі сыйлықтар берілді. Мұнан бөлек аудандық мәслихаттағы «Amanat» партиясы депутаттық фракция мүшелері бүлдіршіндердің көңіл-күйін көтеру мақсатында балмұздақтар таратты.

Осындай шаралар өскелең ұрпақтың болашаққа сенімін нығайтып, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруда үл-кен маңызына ие. Сондықтан аталған тағылымды басқосу өз жалғасын табады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Тарих

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Әлихан Бөкейханов – Алаш арыстарының көшбасшыларының бірі, «Қазақ» газетінің жарыққа шығаруда өлшеусіз еңбек еткен, негізін қалаған публицист. XIX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап өзі репрессияға ұшыраған 1937 жылға дейінгі аралықта саяси күрестің белсенді қайраткері болған. Қоғам қайраткерін Қазан төңкерісіне дейін және одан кейінгі Ресей империясы көлемінде қалыптасқан саяси жағдайда ұлт азаттық қозғалысының көсемі ретінде жақсы танимыз. Халқына қалтқысыз қызмет етуді мақсат еткен Ә.Бөкейхановты халық Алаш арыстарының белсенді басшысы, Алаш партиясы мен Үкіметін құрушы ретінде көп еңбек сіңіргенін жақсы біледі. Бірақ көпшілік Ә.Бөкейхановтың ұлт азаттық жолындағы өмірі мен қиын-қыстау кездерін, репрессия жылдарындағы өмірдеректерін біле бермейді. Сондықтан осы еңбегімді түрлі ақпарат құралдары мен деректі материалдар негізінде жинақтап жазып отырмын.

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші Жалпы қазақ съезі «Алаш автономиясы» деп аталды. Ұлттық мемлекет құрылғандығын мәлімдеп, оның Үкіметін сайлады. Әлемнің алтыншы бөлігін алып жатқан Ресей империясы көлемінде бұл аса үлкен оқиға болғанымен отарлық езгідегі қазақ қоғамы үшін оның тарихи маңызы ерекше еді. Әйткені мұның бәрі қазақ елінің XVIII ғасырдан бері өз бостандығы мен тәндігі жолында орыс империясына қарсы жүргізген азаттық күрестің қорытындысы болатын. Тарих сахнасында Алашорда Халық кеңесі Үкіметі алып келген жалпыұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеуліктен шығатын ұлттық мүддені қорғайтын қазақ елін басқа еркеніетті елдер қатарына алып шығаратын жалғыз жол Ұлттық мемлекет құру еді. Қазақ ұлт азаттық қозғалысының басшылары осындай батыл қадамға баруды мақсат етті. Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей, қазақтың қоғам қайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдады. Бұл мақсат Алашорданың өмірге келуі қажеттілігінен туған болатын.

Бірақ қазақ ұлт азаттық қозғалысы қайраткерлерінің бұл әрекеті ескі Ресейдің тұтастығын көксейтін ақ казактармен патшалық самодержавалық артықшылықты ойлайтын жаңа тоталитарлық жүйені қолдайтын болшшевиктерге де ұнамады. Түптеп келгенде ұлы державалық империялық мақсатты көздеген бұл өкілдер саяси жүйе де ұлттың мемлекеттік идеясынан қорықты.

Осындай ұлт азаттық саяси күрестің көшбасшысы, ардақтысы, қазақ тарихында да мәңгі өлмейтін із қалдырған қайраткердің бірі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді. Ол бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының жетінші ауылында 1866 жылы өмірге келген. Қазіргі өкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша бұл елді мекен Қарағанды облысы Жезқазған ауданы бұрынғы «Қаратөл» ауылына қарайды.

Әлиханның әкесі Нұрмұхамед, анасы Бегімханым оқу-білімге жақын, парасатты адамдар болған. Әлиханның үлкен атасы Бөкей – атақты Көкжал Борақ Сұлтанның ұлы. 1816 жылы Үзгілі билігін мойындамай, орта жүзде екінші хандық құрды. Хан етіп сексеннен асқан қарт Бөкейді сайлады.

Бөкейдің тоғыз ұланың бірі – Батыр Сұлтан. Батырдың ұлдары – Мырзатай мен Рүстем. Мырзатайдың Нұрмұхамед туады. Бөкейден соң Қарқаралыдағы билік немересі Жамантайға ауысқан. Жамантай мен Рүстем. Мырзатайлардың арасында әскер, ел басқару ісіне байланысты бас-араздық болып, соңын нәтижесінде Рүстем мен Мырзатай Қаратау жаққа ауысқан. Бірақ олар көп ұзамай қайта оралып, Кеңесары қозғалысына қатысқан деседі.

Біздер алаш қайраткерлерінің көшбасшысы Әлихан Бөкейхановты жалпылама білгенімізбен оның сондай дәрежеге жетудегі, ұлт азаттық қозғалыс жолындағы «Ұлттық қызмет ету – міндетім» деген қағидасын біле бермейміз. Бұл ұлттық ұстамы оның еркіндік пен тәндікті жоғары бағалаған ортада өскенін көрсетеді. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халқының ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жазушылардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болды. Ол 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың творчествосымен таныстыруды көздеген материал жариялап, ал 1909 жылы ұлы ойшыл шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болған. Әлихан өмірінің соңына дейін «Қобыланды», «Ерсайын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және басқа да көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп, насихаттауда жемісті еңбек етті. Болашақ қайраткердің өмір жолының қалыптасуына отарлық езгіге қарсы Кеңесары бастаған жалпыұлттық көтеріліс (1837-1847 жж) әсер еткен сияқты. XIX ғасырдың соңында, яғни 80 жылдары империяның Шығыстағы ірі саяси орындарының бірі Омбы қаласындағы техникалық училищеді, ал оның саяси көзқарасының қалыптасуы Петербургтегі Орман техникалық институтында оқыған жылдары болды.


Ә.Бөкейханов институтты бітірген соң ішкі Ресейден қазақ жеріне қоныс аударушылар жағдайын зерттеу үшін ұйымдастырылған Половцев экспедициясына қатысу үшін 1895 жылдың жазында Омбыға келеді. Экспедиция жұмысына рұқсат берілмейді. Ол Омбыдағы орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасады. Осы мезгілде социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде

араласа бастайды. Ә.Бөкейхановтың негізгі мақсаты – Ресейдің ішкі аймақтарынан қазақ жеріне қоныс аударушылардың экспанциялық саясатын көшпенді өмір сүрген қазақ жеріне іштеп кіріп, құнарлы, орманды жерлерін иеленуіне саяси тұрғыда наразылық таныту еді. Бұл әрекетті шектеудегі көзқарасын білдіру үшін «Степной край» газетінде алғашқылардың бірі болып материалдар жариялап отырды. Ұтты үшін осындай көзқарасынан айнымаған Ә.Бөкейханов қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатына терең үңіліп, бұрын өзі білмейтін жаңа қырына көз жеткізді. Орталық биліктің таяу жылдары қоныс аударушыларды іске асырудағы жасап жатқан қарекеттерін білді. Осы мақсатта ол қазақ жеріне қоныс аударушыларды орналастыру, жер беру, оны бөлу, табиғи байлығын пайдалану, т.б. зерттеу жұмысын жүргізетін Ф.А.Шербиннің экспедициясы құрамына мүмкіндік алған Ә.Бөкейхановтың жергілікті халықтың өз жеріне қатысты құқығын қорғауда, көшпелілермен тең құқықта болуларына қатысты ұсыныстары қолдау тапты. Бұл экспедиция 1896-1903 жылдары жүргізілген. Кейіннен бұл экспедицияның зерттеу жұмысы 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу еңбек болып жарық көрген. Осы тұрғыда Ә.Бөкейхановты қазақ халқының тілегін, мұңын, өмір салтын, болашаққа деген бағыт-бағдарын өз заманының ақпарат құралдары арқылы жариялап отырған публицист-журналисты ретінде де кейінгі буын жақсы білугі тиіс. Алаш көсемін «Қазақ» газетінің алғашқы ұйымына дастырушысы, қоныс аударушылар мен жергілікті халықтарды қазақ жеріне орналастырудағы және жерді пайдаланудағы ғылыми негізін жасаушы ғалым деуге болады.

XX ғасырдың басында қоныс аудару саясаты жүрді. 1864-1885 жылдар аралығында Оралдың шығыс жақ бетіне қоныс аударушылар саны 300 000 болса, 1885-1910 жылдары 2,5 млн-ға жетті. Қоныс аударушылардың үлкен бөлігі қазақ жеріне ағылды. 1885-1910 жылдары Ақмола, Торғай, Семей облыстарына 294, 206 келіп қоныстанса, ал 1906-1910 жылдары 770 000 адам көшіп келді. 1904 жылы Петербургте қоныс аудару және жерге орналастыру жөнінде Бас басқарма құрылды. Ал келесі жылы бұл басқарма мекемелері губерния, облыс, аудан деңгейінде барлық қазақ жерінде құрылды. «Артық» жерлер анықталып, Ресейден орыс шаруаларының көшіп келуіне жағдай жасалған еді. Бір жүйеге түскен ұлы державалық отарлау саясатының басында патшаның өзі мемлекеттік Дума және басқа да өкімет орындары тұрды. Сондай-ақ бұл іс жақсы қаржыландырылды. Бұл басқаша айтқанда қазақ даласын ашықтан-ашық отарлау саясатына кіркіскен патшалық Ресейдің ұзақ жылдарға арналған жоспары болатын. Ұлы державалық өктемдікке қарсы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрысов және басқа да қазақ интеллигенциясы 1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмеңкесінде «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырды. Онда мынандай талаптар қойды: діни сенімді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою, ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде жүргізілетін мектептер ашу, қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал – цензурасыз газет шығару, баспахана ашуға рұқсат беру, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты казактар орналасқан жерлер олардың заңды меншігі екенін мойындау, мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу, олардың жұмысына көсітілдікті жоюға қою тағы сол сияқты.

Жаңдарм орындары шамамен «Қарқаралы петициясының» авторы деген кісілерді билікке қарсы әрекет жасады деп абақтыға жапты. Саяси күрестің жаңа жолын таңдаған ұлттық интеллигенция Ә.Бөкейхановтың бастауымен бастапқы саяси күрес кезінде ұлы державалық оппозицияға қарсы болған Конституциялық-демократиялық партияның бөлімін ашуға мүдделі болды. Мұндай әрекеттер Қазақстанның бірқатар өңірлерінде қолға алынып, сөздері етті.

Ә.Бөкейханов І мемлекеттік Думаға Семей облысы казактары атынан депутат болып сайланды. Осы оқиғаға орай «Семипалатинский листок» газеті: «Редация қазақ халқын нәтижелі сайлау қорытындысымен құттықтайды. Ә.Бөкейхан мемлекеттік Думада ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақтың жоғын жоқтайтын, тілегін жеткізетін бірден-бір адам екеніне халқы сенеді» деп жазды. Ә.Бөкейханов І мемлекеттік Дума жұмысына қатыса алмады. Әйткені ол Дума өз жұмысын бастаған кезде Омбы генерал-губерна-



торының негізгі Жарлығымен соттың тергеуінісіз үш ай Павлодар абақтысында отырды. Ол абақтыдан шығып Петербургке жеткенде, Дума патшаның Үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Бөкейханов та сол жаққа барып, Выборг Үндеуіне қол қояды. Қазақтың ағартушы интеллигенттерінің досы, ғалым Г.Н.Потанин сол кездері былай деп жазды: «Қазақтың автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш Баян сұлуы» шығарып, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа білер еді-ау».

Ә.Бөкейханов орманың-ғалым ретінде «Шаруашылықтың бір түрінен екінші түрге өтуі жеңіл-желпі нәрсес емес, кеңбайтақ даладан мал шаруашылығымен күн көрген қазаққа егін шаруашылығымен айналыс деп 15 десятина жер беру үлкен аяққа тар етік кигендей болады. 15 десятина – алақандай жер, егін егуге, мал бағуға, шабындыққа азық етеді. Қазақтың күн көрісінен айырады» деген өкен. «Қазақ» газеті бетінде Ә.Бөкейхановтың қалам тартқан негізгі тақырыбы жер мәселесі болды. Ол қазақ шаруаларының әлеуметтік жағдайларын жақсы білді.

Ұлттық мемлекет құру Ә.Бөкейханов және басқа буржуазиялық-демократиялық бағыттағы интеллигенция өкілдерінің түпкі мақсаты еді. Осы мақсатта олар Конституциялық демократиялық шешберінде қазақ ұлтына автономия алудан үміттенді. Бірақ ол үміт ақпан төңкерісінен кейін ақталмады. Ә.Бөкейханов «Мен «Кадет» партиясынан неге шықтым?» деген ашық хатында. «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып беріліс де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, көрші мұңыққа сатып, біраз жылда сытырлап, жалаңаш шыға келеді. «Кадет» партиясы ұлт автономиясына қарсы» деген өкен. «25 июнь» Жарлығы шығып, қазақтың майданның қара жұмысына адам алу жүріп жатқан кезде «Қазақ» газетінің басшылары А.Бөкейханов пен М.Дулатовты «Билікке қарсы шықты» деп айыптап, үстерінен қатаң бақылау орнатты. Уақытша газет редакторы М.Дулатовтың үйін тіпті, өзін жауапқа тартты. Патша өкіметі қазақ даласына жазалау отрядын шығарып, қарусыз халықты аяусыз басауға даярланып жатты. Жазықсыз қан төкпеу мақсатында Ә.Бөкейханов, М.Дулатов қол қойған ашық хат жарияланды. Оқиғалар ағымы қан төгіссіз аяқталды. Көтеріліс аяусыз басылып майдандағы жұмысқа қазақ жігіттері алынған соң Ә.Бөкейханов бастаған бір топ қазақ интеллигенттері өз еріктерімен майданда аттанды. Петроградтағы билік орындарымен жүргізілген келіссөздерден соң Минскіге барып Батыс майдан штабы жанындағы Земски және қалалық одақтың бөлімін өз мойнына алады. Оларға тұрмыстық жағдай жасау, дәрігерлерге көмектесу, сауатын ашу жұмыстарын жүргізеді. «Еркін дала» ұйымын құрып, «Қазақ» газетін ермен жалғастырушы болған. Майдандағы жұмысшылардың құрметіне беленген Ә.Бөкейханов «Алаштың Әліпханы» атанады.

Ә.Бөкейханов Қазан төңкерісі мен уақытша өкіметтің саяси өміріне белсене араласты. 1917 жылдың сәуірінде құрылған 9 адамнан тұратын Түркістан комитетінің мүшелігіне Қазақстаннан Ә.Бөкейханов пен М.Тыныштықбаев енді. Ол жаңа биліктің Торғай облысы бойынша комиссары болып бекітілді. 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында Жалпы қазақ съезі болып өтті. Съезде күн тәртібі бойынша А.Бөкейханов баяндама жасады. Сол кездегі жағдайға байланысты елді кеңесі құрылып, оның аты «Алаш орда» болсын деді. Ол бес адамнан тұратын бұл өкіметтің төрағасы болып көпшіліктің дауысымен Ә.Бөкейханов және оның серіктестері өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамы алдында тұрған ең негізгі мақсат ұлттық тәндік, саяси бостандық тәуелсіз ел болу еді. Алаш арыстарының арманы жетпіс жылдан кейін орындалып, қазақ елі тәуелсіз егеменді ел болып, дүние жүзіне танылды.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Бақылау



Суға шомылу қауіпсіздігі басты назарда

Аудан әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас инспекторы Арман Хамитов, кент әкімі аппаратының бас маманы Ғалымжан Астанакулов, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Азамат Шығанбай және облыстық жұмылдыру дайындығы және шұғыл талдау орталығы мекемесінің Жалағаш ауданы бойынша инспекторы Мадихан Еспанов, жауапты сала өкілдері су айдындарында азаматтар мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында рейд ұйымдастырды.

Жаз мезгілі келісімен суға түсу маусымы басталып, ересектермен қатар жасөспірімдер де суға шомылуға асығады. Алайда су – тіршілік көзі болғанымен, тіпсіз жау екенін де естен шығармаған жөн. Әсіресе жасөспірімдерді ересектердің қарауынсыз су айдындарына жіберуге, белгіленбеген, рұқсат етілмеген аймақтарда суға шомылуына қатаң тыйым салынуы керек. Бұл ретте, ата-аналардың балаларға жауапкершіліктен қарауы көптеген қауіптің алдын алады.

Суға түсу маусымы басталғалы тиісті орындар тарапынан рейдтік жұмыстар жүргізу күшейтілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табатын болады.

Құрметті аудан тұрғындары! Өз өмірлеріңіз өз қолдарыңызда екенін ұмытпандызар! Сақтық шараларын қатаң сақтауды ескертеміз.

«ЖЖ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды



Автокөлікте өрт қауіпсіздігін сақтайық

Қазіргі таңда автокөлік – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған. Дегенмен техника қауіпсіздігін ескермеген жағдайда автокөлік өртінің шығуы да сирек емес. Мұндай өрт көбінесе кенеттен пайда болып, адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан көлік жүргізушілер мен жолаушылар үшін өрт қауіпсіздігі талаптарын білу аса маңызды.

Өрттің басты себептеріне көлсек, автокөліктегі өрттің шығуына бірқатар фактор жиі себеп болады. Мәселен, электр сымдарының қысқа тұйықталуы, отын жүйесіндегі ақаулар, ауыр жүктеме кезінде қызып кеткен қозғалтқыш, техникалық қызметтің уақытылы көрсетілмей, шылым шегу, ашық от қолдану, жанармайдың дурыс сақталмауы немесе тәлімі өрттің тұтануына басты себеп болуға.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларына келсек, бірінші кезекте көлікте бастапқы өрт сөндіру құралын алып жүру керек. Өрбір көлікте жарамды ұнтақты немесе көмірқышқылды өрт сөндіргіш болуы міндетті. Өрт сөндіргіш оңай ері қолжетімді жерде орналауы тиіс.

Көлікті уақытылы тексеріп тұру керек. Электр жүйесін, жанармай жүйесін және қозғалтқышты жүйелі түрде техникалық тексерістен өткізу өрттің алдын алуға мүмкіндік береді. Отынмен қауіпсіз жұмыс істеу, яғни көлікке жанармай құю кезінде қозғалтқышты өшіріп, ашық от көздерін жақындатпау қажет.

Негізінен автокөлікте шылым шегуге мүлде болмайды. Автокөлік ішінде немесе жанармай құю бекеттерінде шылм шегу тіпсіз жаудың тұтануына басты себеп болады.

Өрт шыққан жағдайда қалай әрекет ету керек? Егер көлік өртене бастаса, дереу тоқтап, қозғалтқышты өшіріңіз. Барлық жолаушыларды шұғыл эвакуациялаңыз. Өрт сөндірілген өртті сөндіруге тырысыңыз. Қауіпсіз қашықта тұрып, 101 нөміріне хабарласыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Сұхбат

Жастар – келешектің тұтқасы

Соңғы жылдары ауданда жастардың білім мен кәсіпке деген қызығушылығы оянып, белсенділігі артқан. Әрине, бұл – жастар ресурстық орталығының жасаған жүйелі жұмысының жемісі. Аталған орталық аудан жастарының ғана емес, ауыл жастарының да дамуына, олардың тұрақты жұмысқа орналасып, кәсіп бастауына өзіндік ықпалын тигізіп жүр. Жыл сайын жастарды қолдау мақсатында бірқатар жоба жүзеге асып келеді. Мәселен, ауданда «Мүмкіндіктер алаңы», «Жалын» жастар сыйлығы сынды жобалар жетерлік. Биыл жастар үшін қандай жаңа жобалар қолға алынды? Аудан жастарының бүгінгі ахуалы қандай? Осы және өзге де сауалымыздың түйінін толығырақ жастар ресурстық орталығының директоры Әбзәли Төлеутай тарқатты.

– *Әбзәли Бозжанұлы, сіздің бұл қызметке келгеніңізге көп болмады. Десе де ауданның белсенді жастарын біріктіріп, түрлі шараларды ұйымдастырып жүргеніңізді көріп жүріміз. Осы ретте өзіңіз басшылық жасап отырған мекеменің бүгінде жастар үшін атқарып жатқан жұмысына тоқталып өтсеңіз...*

Бұл ретте жастардың жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру, маңыздылығын көрсету және дұрыс мамандық таңдау бағытында жастарға кәсіптік бағдар беру мақсатында аудандық «Руханият» орталығында жастармен ТедХ форматында кездесу өткізілді. Мұнан бөлек жастардың әлеуетін ашуға және олардың әлеуметтік белсенділігін

болу мақсатында қылмыстың алдын алу бағытында кездесулер ұйымдастырамыз. Сондай-ақ NEET санатындағы жастармен де байланыс бар. Кент, ауылдарды аралап, жұмыссыз жастармен сауалнама жүргіздік. Алдағы уақытта оларды қоғамдық жұмысқа тартып, кәсіппен айналысуына ықпал етеміз.

– *Қазаыпта қалжыңымен көрерменді бірде күлдіріп, бірде ойландырып қоятын «Дәуімбай» құрамасы көпшіліктің көңілінен шығуда. Жас жайдарманышы жігіттер туралы айтсаңыз, қазіргі таңда немен айналысуда?*

– Орталық жанынан «Дәуімбай» құрамасы осыдан 4 жыл бұрын құрылған. Осы уақыт аралығында олар аудандық, облыстық, республикалық ойындарда біраз жетістікке қол жеткізді. Командаға әріптесім Ақтан Аманбайұлы жетекшілік етеді. Қазіргі таңда командада 4 ойыншы бар. Олар – кент орталығында орналасқан білім ошақтарының оқушылары. Олар тек жайдарман ойынына қатысып қана қоймай, еріктілермен бірге волонтерлық қызмет те атқарады. Жақында «Дәуімбай» құрамасы республикалық маусымашар ойындарына қатысып, Алматы қаласындағы лигаға жолдама алды. Қызылорда қаласында өткен облыстық «Bastau liga» финалында аудан абыройын асқақтатқан «Дәуімбай» құрамасы вице-чемпион атанды. Қазіргі таңда олар Алматы қаласында өтетін «Jaidatman Junior» жартылай финалдық ойынына дайындық үстінде.

– *Ауыл жастарымен қандай жұмыстар жүргізуді жоспарлап отырсыз?*

– Орталық тарапынан ұйымдастырылатын шаралардан ауыл жастары тыс қалған емес. Көз келген мерекелік шаралар ауыл жастарының қатысуымен өткізілсе десе де болады. Жыл сайын ауыл жастарын әлеуметтендіруге бағытталған «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы өтеді. Шараның басты мақсаты – ауыл жастарына, оның ішінде NEET санатына басымдық бере отырып, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету, жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, көз уақытын тиімді ұйымдастыру. Спорттық шара аясында жастар футболдан, қазақтың ұлттық ойындарының бірі арқан тартыс пен турникке тартылу сайыстары бойынша сынға түседі. Бұл спорттық сайыс биыл да өз жалғасын табады.

– *Осы орталықты бұрын басқарған аға буын өкілдерімен қаншалықты жиі байланысасыз? Олардың ақыл-кеңесі мен көмегіне жүгінесіз бе?*

– Әрине, олардың салып кеткен сара жолын қазіргі таңда жалғастырып жатқандықтан жиі байланысамын. Ерхан Бақбергелұлы, Нұржан Раисұлы, Асхат Ғалымжанұлы, Нарбота Серәліұлы сынды ағаларымнан үлгі алып, көңесіне жиі құлақ аса-



мын. Ол кісілердің орталыққа сіңірген еңбегі зор. Қашанда аудан жастарының жанынан табылып, олардың шығармашылығын дамытып қана қоймай, жарқын жобаларының жүзеге асуына ықпал етті.

– *Жастар арасында жұмыссыздық – әлі күнге дейін күрмеуі қиын өзекті мәселе. Ауданда жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкер жастарды қолдау қаншалықты жүзеге асуда?*

– Иә, қазіргі таңда жастар арасында ең өзекті болып отырғаны – жұмыссыздық мәселесі. Ауданда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,2 пайызды құрап отыр. Жыл сайын «Жасыл ел» жасағына кадр жинақталады. Бұл бағдарлама аясында жастар уақытша болса да жұмыс жасайды. «Жасыл ел» еңбек жасағы маусым айында басталды. Биыл 110 жасты «Жасыл ел» еңбек жасағына тарту жоспарланып, маусым айында 40 жас жұмыс жасаса, шілде айында 44 жас «Жасыл ел» еңбек жасағында өз жұмыстарын жасауда. Мұнан бөлек жыл сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеуші жастар арасында байланыс орнату бір жолға қойылған. Жастар «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» секілді мемлекеттік бағдарламалар арқылы жастар тәжірибе жинақтап, кейін тұрақты жұмысқа орналасып жатыр. Кәсіпкерлікке қызығушылығы бар жастарға арналған оқыту курстары мен мемлекеттік гранттар да қолжетімді. Ауданда жастарға арналған бизнес жобалар байқауы, стартап қолдау шаралары кезек-кезеңімен өткізілуде. Қазіргі таңда әлеуметтік желіде «KесіпLife» айдары өз жұмысын бастады. Негізгі мақсаты – ауданымыздағы жас кәсіпкерлерді қолдау, олардың еңбегін насихаттау арқылы жұмыссыз жастардың кәсіпкерлікке деген ынтасын ояту. Әр шығарылымнан табанды еңбегі арқылы тың идеяларымен танылып жүрген аудан жастарын көре аласыз.

– *Орталықтың алдағы мақсат-міндеті қандай?*

– Аудан жастарының басын біріктіріп, оларды дамыту бағытындағы жаңа жобалар жасау жастар орталығының басты міндеті. Жастар арасында достық қарым-қатынасты нығайту бағытында түрлі форматтағы «Zhnastar keshi» шараларын өткізіп, 12 тамыз – «Халықаралық жастар

күніне» орай бір апта түрлі шаралар легі ұйымдастырылмақ. Аудан жастарының бірлігін нығайтып, жаңа орта қалыптастыру мақсатында «Ауылға барамын» жастар жобасын өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар жұмысшы мамандықтар жылына орай «Үздік мамандық иесі» байқауы өткізіледі. Мұнан бөлек Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени орындарға белсенді жастар және жас отбасылардың саяхатын, қоғамдағы танымал тұлғалардың жастармен кездесуін, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына орай өзге ұлт өкілдері жастарының қатысуымен басқосулар өткізілмек. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аула тазалау қайырымдылық шараларын да ұйымдастыратын боламыз. Отан қорғауды парыз еткен жастарды әскерге саптанатты түрде шығарып салу рәсімі де назардан тыс қалмайды. Жалағаш

ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығын табыстауды және жылдың қорытынды шарасын жоғары деңгейде ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Белсенді жастарды қолдау мақсатында аудан әкімінің «Жалын» жастар сыйлығына байқау қыркүйек, қазан айларында жарияланып, қараша, желтоқсан айларында жүзеге асырылатын болады. Аталған сыйлық түрлі саладағы талантты жастарды ынталандыру және олардың айрықша сіңірген еңбегін тану мақсатында 2018 жылы бастау алып, әр жыл сайын ертүрлі номинациялар беріліп келеді. Арнайы конкурс арқылы комиссияның алдында қорғау өтіп, қатысушыларға номинациялар тағайындалады.

– *Сұқбатыңызға рақмет!*

Әңгімелескен
Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



– Бұл орталықтың жұмысы маған бұрыннан етене таныс. Сөбебі бұл қызметке дейін осы орталықта белсенді жастардың қатарында болдым. Нәтижесінде осы салаға тесіліп, біраз тәжірибе жинадым. Өзіңіз білетіндей, жастар ресурстық орталығы жастармен тығыз жұмыс жасауда. Осы уақытқа дейін ұйымдастырылған барлық іс-шараға өзіңіз куәсіз. Біздің басты мақсатымыз – жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, спортқа, шығармашылыққа баулу, патриоттық рухтарын арттыру, одан бөлек мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыспен қамту. Бүгінде ауданымызда 14 пен 35 жас аралығында 10 816 жас бар. Жыл басынан бері жастар ресурстық орталығы ұйымдастыруымен 95 шара өтіп, оған 3500-ден аса жас қатысты. Ерекше айта кететін жайт, биыл ауданымызда алғаш рет мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері арасында «Кітап оқырмандары» клубы бастау алды. Оқырмандар ортасын құру мақсатында еркін форматта кездесу ұйымдастырылып, кітап оқуды әдетке айналдыру, жастар арасында терең танымдық түсінік қалыптастыру бағытында пікір алмасулар болды. Мемлекет басшысының қолдауымен биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп бекітілгені баршамызға белгілі.

арттыруға бағытталған түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі – «Жетістік жолы» сұхбат айдары. Өз саласында үздік атанған жастардың еңбегін насихаттау мақсатында бейнеролик түсіріліп, сұхбат өткізілуде. Бүгінгі күнге дейін өз өнерімен, тапқырлығымен, әдемі өзілімімен көпшілікті тәнті етіп жүрген «Дәуімбай» құрамасы жайдарманышлар тобын, спорт шеберіне кандидат, гір спортынан жасөспірімдер арасында әлем чемпионының қола жүлдегері Нұрлан Қуаныш, мектеп бітіруші түлек, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің грант иегері Берекет Бақытжан, «IQanat» республикалық олимпиадасының жеңімпазы, «IQanat» мектебіне жолдама иегері Сынасас Альфия секілді бірқатар жаспен сұхбат ұйымдастырылды. Сондай-ақ ертүрлі форматта шаралар мен кездесулер өтеді. Мәселен, білім және полиция белімдерімен бірлесі отырып, жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ауданымыздың ойын-сауық орталықтарында түнгі рейд жұмыстарын жүргізіп келеміз. Одан бөлек ерікті жастардың қатысуымен акциялар өткізілуде. Мәселен жалғызбасты, көпбалалы аналарды мереке қарсаңында құттықтап, кішігірім сыйлықтар табысталады. Жастармен жиі кездесіп, жат ағымдардан сақ

Бәрекелді!



Арманға қанат қаққан Альфия

Алматы қаласында өткен ауыл мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған республикалық IQanat олимпиадасы өз мәресіне жетті. Еліміздің ең үздік оқушылары бас қосқан білім бәйгесіне мыңға жуық бала қатысып, өз бағын сынаған. Аталған олимпиадаға ауданымыздан 6 оқушы қатысты. Соның бірі – Ақсу ауылындағы №116 орта мектептің оқушысы Альфия Сынасас.

Биыл жетінші жыл дәстүрлі түрде өтіп жатқан жарыс – ауыл балаларын қолдау ниетімен біріккен 100-ден астам Қазақстан кәсіпкерлерінің әлеуметтік жобасы. Басты мақсат – балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету. Бұл бағдарламаның арқасында мыңдаған мектеп оқушысы қосымша білім алып, Қазақстанның және шетелдің үздік оқу орындарына грантпен оқуға түседі. Жоба аясында іріктелген балаларды үш жыл бойы білікті мамандар оқытады. Ауыл мектептерінде білім алатын жастарға мүмкіндік беретін жарыста кейіпкеріміз Альфия Дүйсенғалиқызы үздік атанып, IQanat High School of Burabay мектебінің грант иегері атанды.

Альфия 7 сыныптан бастап химия пәніне дайындық жүргізіп, бүгінде аталған пәннің 11 сыныпқа дейінгі бағдарламасын толық меңгеріп үлгерген. Ол химия пәнін алғаш оқыған жылы өз қалауымен пән оқытушысына барып, олимпиадаға қатысқысы келетінін жеткізген. Алайда анасы оған бұл пәнді қиынсынып, басқа пәнге дайындалуға кеңес береді. Десе де жүрек қалауымен осы пәнді таңдаған озат оқушы олимпиадаға тек осы пәннен ғана дайындалған. Жыл сайын 2 рет «Қамбаш» олимпиадалар мен қосымша білім беру орталығына барып, білімін жетілдіріп, химия пәнінен өткен 1 аудандық, 2 облыстық олимпиаданың жүлдегері атанған.

– Оқу сауаттылығы, ағылшын тілі, математикалық сауаттылық, логикалық ойлау және таңдау пәнім химия бойынша тест тапсырдым. Химия мен математикалық сауаттылықтан 15 сұрақ, қалған пәндерден 10 сұрақтан келді. Грант иегерлерінен ең соңында тағы да тест алды және сол тесттің қорытындысы бойынша ТОП-50 оқушының қатарына кіріп, биылғы жаңа оқу жылын IQanat High School of Burabay мектебінде оқуымды бастаймын, – дейді озат оқушы.

Айта кетейік, мектеп мақтанышы орыс, ағылшын тілінде еркін сөйлейді. Қазіргі таңда қытай тілін меңгеруде. Білім бәйгесінде үздік атанған Альфия бүгінде еңбегінің ақталғанына қуанып, ұстаздары мен сенім артқан атанасына алғысын жеткізді.

Сезім НҰР

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2625 Тапсырыс №1154
---	---	--	--	---

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН